



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 28 тамыз

2018 жылғы 17 тамыздан 25 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

2018 жылғы 25 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,1%-ға нығайып (360,12-ден), 359,64 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 17 тамыздан 25 тамыз аралығында маңызды оқиғалар ФРЖ-нің шілдедегі отырысының хаттамасын жариялау, орталық банк өкілдерінің Джексон-Хоулдегі саммитте экономикалық тұрақтылық және монетарлық саясатқа қатысты мәлімдеулері, АҚШ президенті Д.Трампының ФРЖ-нің негізгі мөлшерлемесінің өсу қарқынына және Қытай валютасымен айла-шарғыларына қатысты сыни пікірі, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда –саттық келіспеушіліктер мәселелері бойынша уағдаластықтың болмауы болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Бразилия реалы** президенттік сайлаулармен байланысты саяси белгісіздік аясында 4,9%-ға (3,91-ден 4,10-ға дейін) әлсіреді. Алдын ала жүргізілген сауалнама үкімет сыбайлас жемқорлық үшін айыптаған бұрынғы президент Луис Лула да Силваның көш бастап тұрғанын растайды.

- **Индонезия рупиясы** 0,4%-ға (14 593-тан 14 649-ға дейін) әлсіреді. Валюта бағамының одан әрі әлсіреуін болдырмау үшін Индонезияның Орталық банкі валюта нарығында өктемдіктер жүргізді.

- **Мексика песосы** 0,1%-ға (18,89-дан 18,91-ге дейін) әлсіреді. Валюта бағамының бір апта ішіндегі құбылмалығы сауда- саттық келіссөздерге қатысты (НАФТА) жаңалықтарға байланысты болды.

- **Ресей рублі** 0,1%-ға (67,12-ден 67,03-ке дейін) нығайды. Валютаның тұрақтылығына Ресей Орталық Банкінің бюджеттік қағида шеңберінде Қаржы министрлігі үшін шетел валютасын сатып алуды тоқтата тұру туралы мәлімдемесі ықпал етті.



¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Түрік лирасы** 0,2%-ға (6,02-ден 6,01-ге дейін) нығайды. Валюта бағамының біраз өзгеруі Түркиядағы демалыс күндерімен байланысты болды.
- **Үндістан рупиясы** 0,4%-ға (70,16-дан 69,91-ге дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка рэнді** инвесторлардың кезекті аукционда мемлекеттік бағалы қағаздарға сұранысының артуы салдарынан 2,7%-ға (14,64-тен 14,25-ке дейін) нығайды.



Дамушы елдердің валюталарының серпіні (2018 жылғы 10 тамыз=100, индекстің өсуі –валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz